

**Шымкент қаласының денсаулық сактау басқармасының шаруашылық жүргізу
құқығындағы «№1 қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны**

Х А Т Т А М А

Шымкент қаласы

«10» шілде 2023 жыл

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамызға ортақ іс»

Қатысқандар: Шымкент қаласының денсаулық сактау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 қалалық клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (ары қарай - №1 қалалық клиникалық ауруханасы) қызметкерлері әкімшілік шаруашылық бөлімнің қызметкерлері, және барлық бөлімшелерінің менгерушілері және аға мейірбикелері.

Күн тәртібінде: №1 қалалық клиникалық ауруханасының комплаенс-офицері А.А. Кадыров аурухананың қызметкерлеріне бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналыш отырған – жемқорлықтың індегі жөнінде баяндама жасады.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйіткілді мәселеге айналды. Себебі, мұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедеरіп қана коймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендер өсүіне өрескел кедеरіп келтіретінінің даусыз екендігіне зангер егжей-тегжейлі тоқталды.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарасты күресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тен. Жеке және занды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен занды мұдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардалтарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндеттігі айттылды. Елбасы Жолдауында «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да, жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәууелді болмайтында жағдайда болса», - деген мемлекеттік қызметкерлерге қойылған талап жүртішілік пікірімен үндескендей. Ол үшін мемлекеттік қызметкер атына кір келтіретін әрекеттерден аулак болғаны жөн. Мұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар да қатаң жазага тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы тиіс. Тәрбие отбасынан басталады, ата-анастының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Сондықтан отбасында тәрбиені дұрыс беру үшін, ең алдымен өзімізді тәрбиелеуді алдынғы орынға қойғанымыз дұрыс деп, сөз соңын баяндамашы қорытындылады.

Іс-шараға қатысушылар бейне баянды көріп шығып, және жемқорлыққа қатысты суреттерді қарап шығып, жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айтты, сонда жемқорлықты жетекшілік көпшілік макұлдады.

Хаттаманы түзген және оқыған

А.А. Кадыров